23423867759

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 желтоқсан № 4360-25-00-2/3050 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Адинаев» атауымен әрекет етуші Рүстем Асанадинұлы Адинаев жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшының өкілі Ж.Аяпова
жауапкер «Адинаев» атауымен әрекет етуші Р.А.Адинаев жеке кәсіпкері

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 және № 2 талаптар бойынша

2025 жылғы 13 шілдеде тараптардың арасында № 45 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай - шарт) жасалып, оған сай жауапкер компьютерге антивирус орнату қызметін көрсету міндетін алған. Шарттың құны 78 746 теңгеге айқындалған.

Шарттың техникалық ерекшелігіне сай жауапкер 2025 жылға арналған авнивирустық бағдарламаны сатып алып, 25 дана компьютерге орнатуы тиіс.

Осы шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Шартқа тараптар 2025 жылғы 13 шілдеде қол қойған.

Шарттың орындалу мерзімі ол күшіне енгеннен кейін 25 жұмыс күні ішінде белгіленеді.

Яғни жауапкер қызметтерді 2025 жылғы 15 тамызға дейін көрсетуі тиіс болған.

2025 жылғы 18 тамызда талап қоюшы жауапкерге шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберіп, 2025 жылғы 17 қыркүйекте шарт біржақты түрде бұзылған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру талап қоюымен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 2 599 теңге тұрақсыздық айыбын және 78 теңге мемлекеттік баж шығынын өндіруді сұраған.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сотта талап қоюшының өкілі Ж.Аяпова талап қоюда көрсетілген уәждерін қолдап, талапты толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер «Адинаев» атауымен әрекет етуші Р.Адинаев жеке кәсіпкері талап қоюды мойындамай, 25 дана компьютерге антивирус орнатуға барып, өздерімен бір дискіде 5 антивирус бағдарлама болғанын, ал талап қоюшы әр 25 дана компьютерге 25 дана антивирус бағдарламасы болу керек екенін алға тартқанын, ал ол экономикалық жағынан тиімсіз болғанын көрсетіп, қызметті көрсетпегенін айтып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Э.Пернебек талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№ 1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (әрі қарай - Заңның) 8-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК-нің) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273-бабына сәйкес заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 31.12.2025
4360-25-3-6/245
Заңды күшіне енген күні: 03.02.2026, судья Елшибеков Б. Е., 04.02.2026

АК-нің 277-бабының 1-тармағына сәйкес егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

АК-нің 403-бабының 1-тармағына сәйкес шартты бұзу кезінде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотқа жүгінген. Яғни жауапкердің міндеттемені шарт бойынша орындамауына байланысты 2025 жылғы 17 қыркүйекте шарт бұзылып, сотқа талап қою 2025 жылғы 19 қыркүйекте – шарт бұзылған күннен бастап отыз күннің ішінде берілген.

Жауапкер шарттың ажырамас бөлігі – техникалық ерекшелігіндегі 25 25 дана компьютерге 25 дана антивирус бағдарламасын сатып алып, орнату қызметін көрсетпей, шарт міндеттемелерін орындамаған, қызмет көрсетуді қабылдау актісіне қол қойылмаған. Жауапкер тиісті дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

Сондай-ақ шарт біржақты бұзылған, бұл жағдайда АК-нің 403-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

Яғни жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себепті ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК-нің) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге көлемінде мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

№ 2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағында тұрақсыздық айыбын төлеудің негіздері мен тәртібі көзделген.

Талап қоюшы шарттың 7.3 тармағына сәйкес 2025 жылғы 16 тамыздан – 2025 жылғы 17 қыркүйекке есептелген тұрақсыздық айыбының мөлшері 2 599 теңгені құраған. Талап қоюшының тұрақсыздық айыбын есептеуін қабылдайды және жауапкердің міндеттемесін орындауды кешіктіру күндерін әрі шарт талаптарын негізге алып есептеуі дұрыс.

Сондықтан талап қоюдың бұл бөлігі де қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігінің талабымен жауапкерден талап қоюшының пайдасына 78 теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 31.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 03.02.2026, судья Елшибеков Б. Е., 04.02.2026
4360-25-3-6/245

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жауапкер «Адинаев» атауымен әрекет етуші Рүстем Асанадинұлы Адинаев жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Адинаев» атауымен әрекет етуші Рүстем Асанадинұлы Адинаев жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Адинаев» атауымен әрекет етуші Рүстем Асанадинұлы Адинаев жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның пайдасына 2 599 (екі мың бес жүз тоқсан тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 78 (жетпіс сегіз) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

Жауапкер «Адинаев» атауымен әрекет етуші Рүстем Асанадинұлы Адинаев жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 31.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.02.2026, судья Елшибеков Б. Е., 04.02.2026

4360-25-3-6/245